

Панфилов ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қазандағы № 4-77-429 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылды 9 қарашада № 5735 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабы 2-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес, Панфилов ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары және де материалдық - техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес;

2) Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Заңның 9-бабы 5-тармағына сәйкес пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары кемінде 800 метр арақашықтықта айқындалсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Жетісу облысы Панфилов аудандық мәслихатының 25.07.2024 № 8-27-120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Панфилов аудандық мәслихатының "Зандылық, азаматтардың құқығын, қоршаған ортаны қорғау және коммуналдық қызмет мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Панфилов аудандық мәслихатының

сессия төрағасы

Панфилов аудандық

мәслихатының хатшысы

А. Ходжамбердиев

Е. Шокпаров

Панфилов аудандық мәслихатының
2020 жылғы "28" қазандагы № 4-77-429
шешіміне 1-қосымша

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары және материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

№	Елді мекен	Б е й б і т жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар	Шекті толу нормалары	Материалдық-техни калық және ұйымдастырушылы қ қамтамасыз етуге қойылатын талаптар
1	Жаркент қаласы	З.Нусипбекова көшесі мен С.Лутфуллина көшесінің қиылсысындағы орталық стадион	1300 адам	- жарықтандыру; - электр қуат көзіне қосылу нүктесімен қамтамасыз ету; - бейнебақылау және бейнетүсірілім камерасымен қамтамасыз ету.
2	Жаркент қаласы	Шеру мен демонстрация маршруты – С.Лутфуллина көшесі мен В.Юлдашев көшесінің қиылсынан бастап В.Юлдашев көшесі бойы мен В.Юлдашев көшесі мен А.Пушкин көшесіне дейін	2000 адам	- маршрут бойындағы көшенің жарығы бар; - бейнебақылау және бейнетүсірілім камерасымен қамтамасыз ету.

Панфилов аудандық мәслихатының
2020 жылғы "28" қазандагы № 4-77-429
шешіміне 2-қосымша

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі

Осы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі Заңның 8-бабына сәйкес өзірленді және бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін айқындайды.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар – Панфилов ауданының жергілікті өкілді органы бейбіт жиналыстар өткізу үшін айқындаған жалпыға ортақ пайдаланылатын орындар немесе жүргү маршруты.

Бейбіт жиналыстарды өткізуге арнайы орындарда - сипатына қарай бейбіт, күш қолданылмайтын және қаруланбайтын, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен

бостандықтарын қорғау мұдделеріне қатер төндірмейтін болып табылатын, Қазақстан Республикасының азаматтары жиналыс, митинг пен демонстрация, шеру мен пикеттеу нысанында өткізетін жария іс-шара.

Занды бұза отырып, жиналыс, митинг, демонстрация, шеру және пикеттеу өткізуге тыйым салынады.

Төтенше, соғыс жағдайы немесе терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген кезде олардың қолданылу кезеңінде бейбіт жиналыстар өткізуге "Төтенше жағдай туралы", "Соғыс жағдайы туралы" және "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тыйым салынуы немесе шектеу қойылуы мүмкін.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін қуні әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті уақыты бойынша сағат 9-дан ерте бастауға және сағат 20-дан кеш аяқтауға болмайды.

Бейбіт жиналыстар өткізу үшін арнайы орындарды пайдаланған кезде үйимдастыруышы және қатысушылар Заңның 5 және 6-баптарының талаптарын сақтау қажет.